

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ
ҚАЗІРГІ ШЫНДЫҚТАРЫ МЕН ҮРДІСТЕРІ**

**MODERN REALITIES AND TRENDS IN FOOD SECURITY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**СОВРЕМЕННЫЕ РЕАЛИИ И ТЕНДЕНЦИИ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

А.К. АДЕЛЬБАЕВА ^{*1}

Ph.D докторанты

Қ.Р. ҚАСЕН¹

э.ғ.д., профессор

А. ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ²

Ph.D докторанты

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

² Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: adelbaeva_83@mail.ru*

А.К. ADELBAEVA ^{*1}

Ph.D student

K.R. KASSEN¹

Dr.E.Sc., Professor

A. DUISENBEKULY²

Ph.D student

¹Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: adelbaeva_83@mail.ru*

А.К. АДЕЛЬБАЕВА ^{*1}

докторант Ph.D

Қ.Р. ҚАСЕН¹

д.э.н., профессор

А. ДҮЙСЕНБЕКУЛЫ²

докторант Ph.D

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

²Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, Туркестан, Казахстан

**электронная почта автора: adelbaeva_83@mail.ru*

Аңдатпа. Азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету мәселелері қазіргі әлемде жаһандық болып табылады. Сапалы азық-түлік көбінесе ұлттың денсаулығын анықтайды. Жаһандық климаттың өзгеруі, азық-түлікке сұраныстың артуы, ресурстардың сарқылуы мен шектеулілігі, пандемия, әскери қақтығыстар жағдайында тұрақты экономикалық өсу аспектілеріне ерекше назар аудару керек. Мақалада әлемдегі «азық-түлік тәуелсіздігі» ұғымын, сондай-ақ оның әртүрлі компоненттерін анықтау тәсілдері көрсетілген. *Мақсаты* – азық-түлік мәселесін зерттеу, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексі (бұдан әрі-GFSI) бағалау үшін қолданылатын индикаторларды зерттеу. *Әдістері* – статистикалық, теориялық және аналитикалық әдістер кешені қолданылды. *Нәтижелері* – 2022 жылғы GFSI талданды, Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022-2024 жылдарға арналған жоспары және оның даму перспективалары қаралды. *Қортындылар* – авторлар республика әлемдік рейтингте көтеріліп жатқанын, бұл ел азаматтарын қолжетімді және сапалы өнімдермен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың тиімді іске асырылғанын айғақтайды. Қазақстан өзін ұн, сүт, ет, жарма, тұз, күнбағыс майы сияқты тауарлармен толық қамтамасыз етеді. Алайда, халықтың консервілерге, шұжыққа, Балыққа және қантқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру отандық өндірістің қажетті деңгейіне әлі жеткен жоқ. Қайта өңдеу өнеркәсібі тауарларын мемлекеттік қолдаудың оңтайлы шараларына

Кіріспе. Бүгінгі таңда біз әлемдік ауыл шаруашылығы нарығында болып жатқан жаһандық өзгерістерге куә болып отырмыз. Жер шарының тұрғындары күн санап артып келеді. Адам саны артқан сайын азық-түлік өнімдерін тұтынуға деген қажеттілік пен сұраныстың артуы заңдылық. Бүгінгі таңда әлемде 828 млн адам аштықтан зардап шегуде. Бес жасқа дейінгі 45 млн бала толыққанды тамақтанбайды, тағам құрамында өмірлік маңызы бар қоректік заттардың жетіспеушілігіне байланысты 149 млн баланың даму көрсеткіштері төмен. Болжамға сәйкес әлемдік экономиканы қалпына келтірген күнде де 2030 жылы әлем халқының 8%, яғни 670 млн адам аштыққа тап болуы мүмкін [1].

Сондықтан да азық-түлік мәселесі – халықтың өмір сүруін қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі. Азық-түлік жеткіліксіздігі адам дамуына теріс әсерін тигізумен қатар оның өмір сүру деңгейіне, ұзақтығына, денсаулығы мен жұмыс істеу қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Осы мәселелерді ескерсек, азық-түлік қауіпсіздігі алғашқы орындағы мәселе. Ол мемлекеттің жалпы экономикалық саясатының маңызды бөлігі бола отырып, халықтың өмір сүру деңгейінің салмақты көрсеткіші. Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, аяғында нық тұратын мықты мемлекет қалыптастырудың және тұрақты экономикалық дамуының негізі.

Қажетті азық-түлік қорларының болмауы қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық туғыруы мүмкін, сол себепті азық-түлік мәселесі – ұлттық қауіпсіздігіміздің ажырамас бөлігі ретінде халықтың тұрмыс деңгейін, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық параметрлер жүйесінің тұрақтылығын және мемлекеттік басқарудың тиімділігін көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақала азық-түлік қауіпсіздігін бағалау мен қамтамасыз ету мәселелеріне арналған экономикалық әдебиеттермен ғылыми мақалаларды зерттеу негізінде жазылды. Жүргізілген зерттеу қазақстандық және шетел авторларының азық-түлік саласындағы ғылыми ізденістерін теориялық шолуға, азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингін зерттеуге, азық-түлік қауіпсіздігі индексі бойынша нәтижерді талдауға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022-2024 жылдарға арналған жоспарын зерттеуге негізделген.

Зерттеу барысында азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты әдебиеттер, ғылыми жур-

налдар мен мерзімді басылымдардың ақпараттық материалдары қолданылды. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігінің мәнін ашу үшін теориялық зерттеу әдістері, азық-түлік қауіпсіздігі терминіне деген отандық және шетел ғалымдарының берген анықтамаларын жалпылау мен жүйелеу әдістері, абстрактілі-логикалық әдіс, сонымен қоса статистикалық талдау, салыстыру, болжау, негіздеу әдістері қолданылды.

Әлем елдерінің рейтингі ішінде Қазақстанның 2021-2022 жылдардағы көрсеткіштері талданды. Яғни The Economist Impact басылымының ресми мәліметтеріне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының 2021-2022 жылдары арасындағы азық-түлік қауіпсіздігінің индикаторларын сипаттайтын көрсеткіштерге талдау жасалды. Зерттеу объектісі болып еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі саналады. Зерттеу пәні болып азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін экономикалық қатынастар табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық қауіпсіздіктің ажырамас құраушы бөлігі, себебі азық-түлік қауіпсіздігі елдің тұрақты экономикалық дамуында ерекше орын алады. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралардың тиімділігі бизнестің, аймақтар мен жалпы алғанда елдің бәсеке қабілеттілігіне байланысты. Егер мемлекет азық-түлік қауіпсіздігімен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмесе оны экономикалық тұрғыдан тұрақты деп айту қиын.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінің өзектілігі ішкі және әлемдік нарықта азық-түлікпен қамтамасыз етудің жағдайы туралы ақпаратты жүйелі және тұрақты түрде алып отырумен қоса ғылыми талдауды да қажет етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу – халықтың өмір сүру деңгейінің сапасын анықтайтын кешенді әлеуметтік, экономикалық міндет. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси қауіпсіздігінің негізгі элементі болып табылады. Себебі бүгінгі таңда бұл жаһандық мәселелердің біріне айналып отыр. Оның шешімін тапса кезкелген мемлекетте тұрақтылық атмосферасын орнатып, сол елдің әл-ауқатын еселеп арттыруға мүмкіндік туады.

Экономика ғылымында азық-түлік қауіпсіздігін зерттеуге жеткілікті назар аударылғанымен бұл мәселенің кейбір тұстары әлі де пікірталас туғызуда. «Азық-түлік қауіпсіздігі» терминіне қатысты айтар болсақ, оны алғаш рет тәжірибеге 1974 жылы әлемдік астық бағасының күрт өсуінен кейін

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымымен ұйымдастырылған азық-түлік мәселелері бойынша Рим қаласында өткен дүниежүзілік конференциясында енгізілгенін айта кеткен жөн.

Алайда оның мәні жиырма жылдан аса уақыт өткеннен кейін ғана анықталып отыр. Бүкіл әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Рим декларациясында (13.11.1996ж.) азық-түлік қауіпсіздігі – жеке тұлғаның ойдағыдай дамуы мен денсаулығын сақтауға қажет сапалы тағам түрлері мен азық-түлік өнімдеріне қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын елдің экономикалық жағдайы делінген [2].

Эксперттердің бірқатары азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін ел экономикасының жағдайы және агроөндірістік кешеннің дамуымен байланыстырса, басқалары оны халықтың азық-түлік өнімдерімен толық қамтылуымен түсіндіреді. Азық-түлік қауіпсіздігін көбінесе «азық-түлік тәуелсіздігі» ұғымымен байланыстырады [3].

Осы терминге қатысты біраз авторлардың көзқарасын зерттеп көрсек. Бұл терминнің мәнін ашу үшін жүйелі тәсіл қажет. Жүйе ретінде азық-түлік қауіпсіздігі бірнеше кіші жүйелерге бөлінеді, атап айтсақ:

– азық-түлік қауіпсіздігі (ішкі көздер есебінен ішкі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету);

– әлеуметтік орнықтылық (әр түрлі әлеуметтік топтардағы адамдардың тағамдарға қол жеткізу мүмкіндігі);

– демографиялық өсу (тамақтану дәрежесіне байланысты қоғам денсаулығы);

– азық-түлік өндіру саласы.

Кейбір ғалымдар «азық-түлік қауіпсіздігін» екі құрамдас бөлікке бөледі. Біріншісі белсенді өмір сүруге жететіндей азық-түлік тағамдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету болса, екіншісі тұтынылатын тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігі. Отандық өндірістің болмауы ұлттық қауіпсіздіктің барлық құрамдас бөліктерін жоққа шығарумен тең [4].

Азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз қалыпты өмір салтын сақтау үшін қажетті тамақ өнімдеріне халықтың негізгі бөлігінің қол жеткізе алуы.

Бұл термин халықтың негізгі бөлігінің азық-түлікке деген қажеттілігін қанағаттандырумен шектелмейді, азық-түлік қауіпсіздігі – барлық азаматтардың физиологиялық нормаларға сәйкес азық-түлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасаумен байланысты мемлекет пен халық арасындағы қарым-қатынасты білдіретін категория.

Азық-түлік қауіпсіздігі халықтың әр түрлі және сапалы тамақ өнімдеріне деген

сұранысын қанағаттандыру, сақтандыру қорларын құру мен артық өнімдерді экспорттау мақсатында агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты жұмыс істеуіне бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық, әлеуметтік және экологиялық факторлар жүйесі.

Азық-түлік қауіпсіздігі мемлекет тұрғындарын отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілген, ғылыми негізделген стандарттарға сәйкес, қолжетімді бағада экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету дегенді білдіреді [5].

Осылайша азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне қатысты ғалымдардың еңбектерін зерттеу бұл категорияның көпаспектілі екенін көрсетіп отыр. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін халықтың қалыпты өмір сүруі үшін қажет әрі жеткілікті мөлшерінің отандық өндіріс есебінен қанағаттандырылатын азық-түлік ресурстарының жағдайы деп түсіну керек.

Халықтың азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асады:

• тұтынушылар үшін азық-түлік өнімдеріне физикалық қолжетімділік, яғни елдің барлық аумағында азық-түлік өнімдері қолжетімді болуы тиіс;

• азық-түлік өнімдеріне экономикалық қолжетімділік (әлеуметтік статусы мен тұрғылықты жеріне тәуелсіз қолжетімділік);

• азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі, яғни адам өмірі үшін қауіпті немесе жарамсыз тағамның болмауы шарт [6].

Азық-түлік қауіпсіздігіне ішкі және сыртқы тәуекелдердің әсерлері де жоқ емес. Ішкі тәуекелдерге техника-технологиялық, қаржы-экономикалық, ұйымдық-құқықтық, әлеуметтік тәуекелдер жатса, сыртқы тәуекелдерге макроэкономикалық, биологиялық, әскери-саяси, техногенді тәуекелдер жатады [7].

Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігінің дәрежесі 3 деңгеймен анықталады:

■ оңтайлы, яғни ішкі азық-түлік нарығының 80-85% отандық тауар өндірушілермен қанағаттандырылады;

■ жеткіліксіз, мұнда отандық өндіріс үлесі 60-80%;

■ импортқа тәуелді, яғни азық-түлік нарығында отандық өндірушілер үлесі 60%.

Әлемде көптеген мемлекеттер азық-түлік импортына тәуелді. Тек 7 мемлекет қана өзін 100% азық-түлікпен қамсыздандырып отыр, 70-80% көрсеткіші бойынша 75 мемлекет, 50-60% халық саны 1 миллиардтан асатын 50 мемлекетке тиесілі [8].

Ел аумағына шет елдерден келетін тамақ өнімдерінің келуі тоқтаған жағдайда

ішкі азық-түлік дағдарысы туындамаса, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілген деп есептесе болады.

Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық, ұлттық, отбасылық және жеке аспектілері анықталып отыр. Ұлттық деңгейде азық-түлік қауіпсіздігі халық санына, урбанизация деңгейіне, адам санының өсу қарқынына өте тәуелді. Дамудың әртүрлі кезеңіндегі елдердің азық-түлік қауіпсіздігінің басымдықтары да әртүрлі. Мысалы, дамыған елдер азық-түлік қауіпсіздігінің аймақтық тепе-теңдігіне шоғырланса, Африка сияқты дамып келе жатқан мемлекеттер кедейлікпен күресуге мәжбүр.

Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі отбасы деңгейіндегі азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды кепілі болып табылады. Төмен отбасылық табыс, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық, дамымаған нарықтар – осылардың барлығы отбасының азық-түлік қауіпсіздігін төмендететін факторлар [9].

Ауғанстан, Сирия, Йемен елдерін қосқанда әлемнің 10 мемлекетінде 140 млн адам азық-түлік тапшылығын сезініп отыр. БҰҰ Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздік бағдарламасының басшысы Д. Бизли айтуынша пандемияға дейін аштықтан жапа шеккендер саны 80-135 млн-ға дейін өссе, пандемиядан кейін 135-276 млн адамға артқан [10].

Өз елімізге келсек, аумағы бойынша дүние жүзінде 9 орында тұрған Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытудың үлкен мүмкіндіктеріне ие.

Халықаралық сарапшылардың мәліметтеріне сәйкес соңғы уақытта Қазақстанның аграрлық секторының даму динамикасы жақсы көрсеткіштермен сипатталады.

The Economist Impact журналының сараптау бөлімінің 19 желтоқсандағы басылымына сәйкес 2022 жылы еліміз «Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (GFSI) 2022» есебінде 113 елдің арасынан 32 орынды иеленді. Ал 2021 жылы 41 орында болған. 2022 жылы Қазақстанның жалпы ұпай саны 72,1 құрап отыр. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 2,9 баллға артық (2021 жылы 69,2 балл). Бұл жағдай елімізді Венгрия (71,8), Оңтүстік Корея (70,2), Ресей (69,1) және Турция (65,3) елдерінің алдына шығуға мүмкіндік берді.

«Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексі (GFSI)» мемлекеттерді 4 түрлі принцип бойынша рейтингке қосады: қолжетімділік, ассортимент, сапа мен қауіпсіздік, тұрақтылық пен бейімделу [11]. Аталған көрсеткіштер бойынша еліміздің орналасу реті төменгі 1 кестеде.

1 кесте – Азық-түлік қауіпсіздігі индексындағы Қазақстанның жайғасымы

| Көрсеткіш | 2021ж. | 2022ж. | Өзгеріс |
|--|--------|--------|---------|
| Азық-түлік қауіпсіздігінің индексі: | | | |
| Қолжетімділік | 46 | 49 | - 3 |
| Азық-түлік өнімдеріне орташа бағаның өзгеруі | 82 | 97 | + 15 |
| Жаһандық кедейлік шегінен төмен халықтың үлесі | 11 | 12 | - 1 |
| Теңсіздік түзетілген кіріс индексі | 23 | 23 | |
| Ауыл шаруашылық өнімдерінің саудасы | 40 | 18 | +22 |
| Азық-түлік қауіпсіздігі бағдарламаларының болуы мен олардың сапасы | 1 | 1 | |
| Ассортимент | 60 | 23 | + 37 |
| Ауыл шаруашылығы ресурстарының қолжетімділігі | 31 | 34 | - 3 |
| Ауыл шаруашылығын зерттеу және дамыту | 10 | 7 | -3 |
| Фермерлік инфрақұрылым | 42 | 52 | -10 |
| Ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақсыздығы | 38 | 45 | -7 |
| Азық-түлік шығындары | 65 | 62 | +3 |
| Жеткізу тізбегінің инфрақұрылымы | 50 | 51 | -1 |
| Жабдықтаудың жеткіліктілігі | 86 | 24 | + 62 |
| Қол жеткізудегі саяси және әлеуметтік кедергі | 47 | 62 | - 15 |
| Азық-түлік қауіпсіздігі саясаты бойынша міндеттеме | 78 | 27 | +51 |
| Сапа және қауіпсіздік | 33 | 32 | +1 |
| Диеталық әртүрлілік | 7 | 6 | +1 |
| Тамақтану стандарттары | 57 | 52 | +5 |
| Микроэлементтерге қолжетімділік | 54 | 54 | |
| Ақуыз сапасы | 32 | 35 | -3 |
| Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі | 45 | 46 | -1 |
| Тұрақтылық пен бейімделу | 22 | 22 | |
| Әсер ету | 46 | 46 | |
| Су ресурстары | 58 | 57 | +1 |
| Жерлер | 87 | 88 | -1 |

| | | | |
|--|----|----|----|
| Мұхиттар, өзен мен көлдер | 24 | 21 | +3 |
| Бейімделудің саяси ұстанымы | 24 | 21 | +3 |
| Апат тәуекелдерін басқару | 1 | 1 | |
| Ескерту: https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=5250 | | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан қолжетімділік бойынша 49 орында (78,0 ұпай), азық-түлік ассортименті бойынша 23 орын (67,2 ұпай), сапа мен қауіпсіздік көрсеткіші бойынша 32 орын (76,3 ұпай) және тұрақтылық пен бейімделу бойынша 22 орынды (65,4 ұпай) иеленіп отыр [12].

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің әлемдік рейтингінде ілгерілеуі халықты қолжетімді және сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған шаралардың біртіндеп жүзеге асырылып отырғанын білдіреді. Ұн, нан, жарма өнімдері сияқты негізгі тағам түрлерімен еліміз жоғары дәрежеде қамсыздандырылған. Оның мөлшері ішкі тұтыну сұранысынан қанағаттандырып қана қоймай, сол өнімдерді экспорттау үшін мүмкіндіктер туғызып отыр.

Күнбағыс майы, сүт өнімдері бойынша да халық толық қамтамасыз етілген, астық өнімдері бойынша экспорт көлемі артуда. Соңғы бес жыл ішінде республикада сары май, ет, нан-тоқаш өнімдері сынды азық-түлік тауарларының өндірісі артқан. Бірақ қамсыздандырылуы төмен тауарлар да жоқ емес, алғашқы орында қант мәселесі, ірімшік өнімдері мен құс еті де жеткіліксіз, ет, сүт, жеміс-көкөніс өнімдерін терең өңдеу әлсіз дамыған.

Республиканың азық-түлікпен қамтамасыз ету көрсеткіштеріне сүйенсек, елімізде экспорттық азық-түлік әлеуеті жоғары аймақтар бар. Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстары белгілі – аграрлық аймақтар. Шығыс Қазақстан мал шаруашылығына маманданған, Түркістан мен Қарағанды облыстары да өздерін азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Алай-

да Атырау, Маңғыстау облыстарының азық-түлікпен өздерін қамтамасыз ету деңгейі әлі де төмен [13].

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында 2022 жылды қорытындылай келе азық-түлік бағасының 24%-ға дейін артқанын айтты. Азық-түлік тауарларын тұтыну қазақстандықтардың шығындарының едәуір бөлігін алып отыр, орташа есеппен үй шаруашылықтары шығындарының 50,8% азық-түлікке жұмсалады, ет пен ет өнімдеріне деген шығын 17% құрайды. 2022 жылдың үшінші тоқсанында тұрғындар шығындарының едәуір бөлігі тамақтануға кеткен. Тұтыну орташа есеппен жан басына шаққанда 56,3 килограмды құрап отыр. Алғашқы орында сүт өнімдері тұр, келесі орында нан мен астық өнімдері – 31,7 киллограмм, жемістер – 26 киллограмм, көкөністер – 22 килограмм, ет пен ет өнімдері – 19,3 килограмды құрап отыр [14].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2022-2024 жылдарға арналған жоспары бекітілді. Онда азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі, экономикалық қолжетімділігі және де тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштері жоспарланған.

Бірінші тарау ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға арналған, яғни жоғары рентабельді дақылдардың алқаптарын ұлғайтуды көздейтін өсімдік шаруашылығын әртараптандыру жұмыстарын жүргізуге бағытталған (2 кесте).

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға да баса назар аударылып отыр (3 кесте).

2 кесте – Дақылдар алқаптарын ұлғайтудың 2022-2024 жылдарға арналған жоспары

| Атауы | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. |
|--|------------|------------|------------|
| Майлы дақыл | 3 млн га | 3,2 млн га | 3,5 млн га |
| Көкөніс, картоп | 200 000 га | 205 000 га | 215 000 га |
| Жемшөп дақылдары | 3,6 млн га | 3,9 млн га | 4,2 млн га |
| Ескерту: [15] әдебиет көзі бойынша құрастырылған | | | |

3 кесте – Мал басын ұлғайтудың 2022-2024 жылдарға арналған жоспары

| Атауы | 2022ж. | 2023ж. | 2024ж. |
|--|------------|------------|------------|
| Ірі қара мал | 8 300 618 | 8 657 545 | 9 047 134 |
| Ешкі, қой | 18 657 820 | 19 329 501 | 20 102 681 |
| Жылқы | 3 601 548 | 3 799 633 | 4 027 611 |
| Түйе | 256 751 | 272 156 | 289 846 |
| Шошқа | 785 428 | 801 136 | 817 159 |
| Құстар | 48 803 600 | 51 341 387 | 54 165 163 |
| Ескерту: [қараңыз 15] әдебиет көзі бойынша құрастырылған | | | |

Тиісінше 2024 жылға дейін осы малдардан алған өнімдерді де еселеп арттыру мәселесі де бар.

АӨК дамытуға бағытталған негізгі капиталға инвестиция тарту көзделіп отыр. Картоп, жемістер мен көкөністерді сақтау бойынша инвестициялық жобалар іске асса сақтау қуатын 2024 жылға дейін 19,6 мың тоннаға жеткізуге болады. Бұл жобада азық-түлік тауарларының импортын алмастыру, АӨК өнімдерін тұтыну, өндірістің нақты және болжамды тепе-теңдігін қадалау шаралары да бар.

Екінші бөлім халықтың азық-түлік тауарларына тұтыну шығындарының үлесін азайту мен бағаларды тұрақтандыруға арналған. Яғни азық-түлік тауарларына деген бағаны болжамдау, сауда орындарында жалға беру төлемдерін төмендету, тұрақтандыру қорларының қызметінің тиімділігін бағалау, бағаны әкімшілік реттеуден халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағыттау жұмыстарынан тұрады. Үшінші тарау тұтынушыларды қауіпсіз өніммен қамсыздандырудың 4 жедел және 3 орта мерзімді шараларын қамтыды [қараңыз 15].

Импортталатын азық-түлікті еліміз 2025 жылға дейін 100% отандық азық-түлік өнімдерімен алмастырмақ. Еліміз 6 тауар түрі бойынша импорттан тәуелді болып отыр: алма – 74%, шұжық – 56,4%, ірімшік – 56%, қант – 43%, құс – 65,4%, балық – 66%. Импортқа тәуелділікті толығымен жою үшін 900-ден астам инвестициялық жобалар іске қосылмақ, оның ішінде 87 сүт-тауар фермалары, 14 ет комбинаты, 17 құс фабрикасы мен 6,6 мың гектар алаңда бақтар мен қант зауытын салу бар [16]. Жалпы алғанда, ұйымдастырылып отырған шаралар еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қоспақ.

Дегенмен, еліміздің агроөндірістік өнеркәсібін дамытудың басымды бағыттарының біріне ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жатады. Оңтайлы тенденциялар мен мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан жалпы өндірістегі ауыл шаруашылығының өнімдерін қайта өңдеудің үлесі әлі де төмен. Оған инфрақұрылымның әлсіз дамуы, қайта өңдеу өнеркәсіптерінің құрал-жабдықтарының моральді және физикалық тозуы, шикізат сатып алуға деген айналым қаражаттарының болмауы сияқты мәселелер әсер етеді. Жоғары өнімділікті қамтамасыз ететін техникамыз агроөнеркәсіптік өндірістің бәсеке қабілеттілігін арттыру мүмкін емес. Бәсеке қабілеттілікті арттыру үшін ғылыми зерттеулердің де нәтижелілігін арттыру керек [17].

Қорытынды

1. Азық-түлік қауіпсіздігін әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі, мемлекеттің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігінің

маңызды элементі, өзектілігі жоғалмайтын жаһанды мәселе, күрделі экономикалық категория деп тұжырымдасақ болады.

2. Кез-келген мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін оның азық-түлік ресурстарының жағдайы деп түсіну керек және бұл қажеттілік халықтың қалыпты өмір сүруі үшін отандық өндіріс есебінен қанағаттандырылуы тиіс.

3. Азық-түлік мәселесін ұзақ мерзімді перспективада шешу үшін ауыл шаруашылығына қолайлы жағдай жасау, инвестициялар құйып сол бағыттағы зерттеулерге жұмсалатын салымдар санын арттыру, ауыл инфрақұрылымын дамыту өте маңызды. Оған 2022-2024 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары оңтайлы әсер етеді деген ойдамыз. Жоспарды іске асыру ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның деңгейін арттыруға, халықтың азық-түлік тауарларына шығындарын азайтуға және тұтынушыларды қауіпсіз өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндіктер береді.

4. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету күрделі және көпдеңгейлі мәселе, оны кешенді түрде шешу үшін ғылым мен техника саласындағы әр түрлі мамандар мен мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ кәсіпорындар мен құқық қорғау құрылымдары мамандарының күш-жігерін шоғырландыруды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Доклад ООН: В 2021 году число голодающих в мире достигло 828 млн. [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.fao.org/newsroom/detail/un-report-global-hunger--SOFI-2022-FAO/ruhtml> (дата обращения: 30.12.2022).

[2] Гумеров, Р.Р. Продовольственная безопасность: новые подходы к анализу содержания и оценке / Р.Р. Гумеров // Проблемы прогнозирования. – 2020. - № 5. – С. 133-141.

[3] Щетинина, И.В. Продовольственная безопасность России в условиях глобализации и международных ограничений / И.В. Щетинина, З.И. Калугина, О.П. Фадеева, Р.И. Чупин. – Новосибирск: ИЭОПП СО РАН, 2019. – 264 с.

[4] Кошебаев, Г.К. Анализ и перспективы продовольственной безопасности Республики Казахстан / Г.К. Кошебаев, Н.А. Алпысбаева, В.В. Бирюков // Вестник Алтайской академии экономики и права. – 2018. – № 4. – С. 57-69.

[5] Stukach, V.F., Baidalinova, A.S. & Suleimanov, R.E. Development of the Agricultural Sector as a Factor of Ensuring Food Security of Kazakhstan in the Context of the EAEU. [Electronic resource]. – 2022. Available at: <https://www.scopus.com> (date of access: 30.12.2022). <https://doi.org/10.17059/ekon.reg.2022-1-16>.

[6] Титов, М.А. Продовольственная безопасность, самообеспеченность России по

критериям товаров из продовольственной потребительской корзины на ближайшие годы / М.А. Титов, А.А. Бирюкова, Н.Б. Сосунова, Н.А. Монахова, Д.Ю. Амельцов, О.А. Моторин, А.А. Мехедькин.– М.: ФГБНУ «Росинформагротех».- 2019. – 256 с.

[7] Яркова, Т.М. Продовольственная безопасность: российский опыт и зарубежная практика: монография / Т.М. Яркова.- Пермь: ИПЦ «Прокрость», 2019. – 192 с.

[8] Азретбергенова, Г.Ж. Обеспечение продовольственной безопасности Республики Казахстан в условиях COVID – 19 / Г.Ж. Азретбергенова., А.О. Сыздыкова, Б. Бимендиев// Проблемы агрорынка. – 2021.- № 2. – С.21-30. DOI: 10.46666/2021-2.2708-9991.02.

[9] Li, Junfang and Wei Song. Food Security Review Based on Bibliometrics from 1991 to 2021 [Electronic resource].-2022. Available at: <https://www.scopus.com> (date of access: 30.12.2022). <https://doi.org/10.3390/foods11233915>.

[10] Грядет ли глобальный продовольственный кризис и как он повлияет на страны СНГ? [Электронный ресурс]. - 2022.-URL: <https://www.e-cis.info/news/566/102610/> (дата обращения: 20.12.2022).

[11] Казахстан занимает 32 место в Глобальном индексе продовольственной безопасности, улучшая свои позиции. [Электронный ресурс]. - 2022.- URL: <https://www.bizmedia.kz/2022/12/21/kazakhstan-zanimaet-32-mesto-v-globalnom-indekse-prodovolstvennoj-bezopasnosti-uluchshaya-svoi-poziczii/> (дата обращения: 21.12.2022).

[12] Казахстан улучшил позиции в Индексе продовольственной безопасности [Электронный ресурс]. - 2022.-URL: https://www.economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=5250 (дата обращения: 30.12.2022).

[13] Продовольственная безопасность. Каких продуктов не хватает Казахстану [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.informburo.kz/interview/prodovolstvennaya-bezopasnost-kakix-produktov-ne-xvataet-kazax-stanu> (дата обращения: 30.12.2022).

[14] Казахстанцы тратят 50,8% потребительских расходов на продукты питания [Электронный ресурс]. - 2022.- URL: <https://www.bizmedia.kz/2022/12/19/potrebitelskih-rashodov-produkty-pitaniya/> (дата обращения: 23.12.2022).

[15] Об утверждении Плана обеспечения продовольственной безопасности Республики Казахстан на 2022-2024 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 марта 2022 года № 178 [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000178>(дата обращения: 23.12.2022).

[16] Казахстан планирует полностью обеспечить себя отечественными продуктами к 2025 году [Электронный ресурс]. – 2022.-URL:<https://www.tengrinews.kz/> (дата обращения: 23.12.2022).

[17] Калиев, Г.А. Вопросы продовольственной безопасности Казахстана / Г.А. Калиев, А.Б. Молдашев//Проблемы агрорынка.- 2021.-№ 4.- С. 13-22. <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.01>.

References

[1] Doklad OON: V 2021 godu chislo golodajushih v mire dostiglo 828 mln [UN report: In 2021, the number of hungry people in the world reached 828 million] (2022). Available at: <https://www.fao.org/newsroom/detail/un-report-global-hunger-SOFI-2022-FAO/ruhtml> (date of access: 30.12.2022) [in Russian].

[2] Gumerov, R.R. (2020). Prodovol'stvennaja bezopasnost': novye podhody k analizu soderzhanija i ocenke [Food Security: New Approaches to Content Analysis and Evaluation]. *Problemy prognozirovaniya- Forecasting problems*, 5, 133-141 [in Russian].

[3] Shhetinina, I.V. (2019). Prodovol'stvennaja bezopasnost' Rossii v uslovijah globalizacii i mezhdunarodnyh ogranichenij [Food security of Russia in the context of globalization and international restrictions] Novosibirsk: IJeOPP SO RAN, 264 [in Russian].

[4] Koshebaev, G.K. (2018). Analiz i perspektivy prodovol'stvennoj bezopasnosti [Respubliki Kazahstan Analysis and prospects of food security of the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Altajskoj akademii jekonomiki i prava – Bulletin of the Altai Academy of Economics and Law*, 4, 57-69 [in Russian].

[5] Stukach, V.F., Baidalinova, A.S. & Suleimanov, R.E. (2022). Development of the Agricultural Sector as a Factor of Ensuring Food Security of Kazakhstan in the Context of the EAEU. *Ekonomika regiona*. Available at: <https://doi.org/10.17059/ekon.reg>. (date of access: 30.12.2022).

[6] Titov, M.A. (2019). *Prodovol'stvennaja bezopasnost', samoobespechennost' Rossii po kriterijam tovarov iz prodovol'stvennoj potrebitel'skoj korziny na blizhajshie gody [Food security, self-sufficiency of Russia according to the criteria of goods from the food consumer basket for the coming years]*. Moskva: FGBNU «Rosinformaгротех», 256 [in Russian].

[7] Jarkova, T.M. (2019). *Prodovol'stvennaja bezopasnost': rossijskij opyt i zarubezhnaja praktika [Food security: Russian experience and foreign practice]*. Perm': IPC «Prokrost#», 192 [in Russian].

[8] Azretbergenova, G.Zh. (2021). Obespechenie prodovol'stvennoj bezopasnosti Respubliki Kazahstan v uslovijah COVID–19 [Ensuring food security of the Republic of Kazakhstan in the context of COVID–19]. *Problemy agrorynka-Problems of AgriMarket*, 2, 21-30. DOI: 10.46666/2021-2.2708-9991.02 [in Russian].

[9] Li, Junfang and Wei Song (2022). Food Security Review Based on Bibliometrics from 1991 to 2021. Available at: <https://doi.org/10.3390/foods11233915> (date of access: 30.12.2022).

[10] Grjadet li global'nyj prodovol'stvennyj krizis i kak on povlijaet na strany SNG? [Is a global food crisis coming and how will it affect the CIS countries?] (2022). Available at: <https://www.e-cis.info/news/566/102610/> (date of access: 20.12.2022) [in Russian].

[11] Kazahstan zanimaet 32 mesto v Global'nom indekse prodovol'stvennoj bezopasnosti, uluchshaja svoi pozicii [Kazakhstan ranks 32nd in the Global Food Security Index, improving its position] (2022). Available at: <https://www.bizmedia.kz/2022/12/21/kazahstan-zanimaet-32-mesto-v-globalnom-indekse-prodovol'stvennoj-bezopasnosti-uluchshaya-svoi-pozicii/> (date of access: 21.12.2022) [in Russian].

[12] Kazahstan uluchshil pozicii v Indekse prodbezopasnosti [Kazakhstan has improved its positions in the Food Safety Index] (2022). Available at: https://www.economy.kz/ru/Novosti_instituta_id=5250 (date of access: 30.12.2022) [in Russian].

[13] Prodovol'stvennaja bezopasnost'. Kakih produktov ne hvataet Kazahstanu [Food security. What products are lacking in Kazakhstan] (2022). Available at: <https://www.Informburo.kz/interview/prodovol'stvennaya-bezopasnost-kakix-produktov-ne-xvataet-kazahstanu> (date of access: 30.12.2022) [in Russian].

[14] Kazahstancy tratjat 50,8% potrebitel'skih rashodov na produkty pitaniya [Kazakhstanis spend 50.8% of consumer spending on food] (2022). Available at: <https://www.bizmedia.kz/2022/12/19/potrebitel'skih-rashodov-produkty-pitaniya/> (date of access: 23.12.2022) [in Russian].

[15] Ob utverzhdenii Plana obespechenija prodovol'stvennoj bezopasnosti Respubliki Kazahstan na 2022–2024 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 31 marta 2022 goda № 178 [On approval of the Plan for ensuring food security of the Republic of Kazakhstan for 2022-2024. Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 31, 2022 No. 178] (2022). Available at: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000178> (date of access: 23.12.2022) [in Russian].

[16] Kazahstan planiruet polnost'ju obespechit' sebja otechestvennymi produktami k 2025 godu [Kazakhstan plans to fully provide itself with domestic products by 2025] (2022). Available at: <https://www.tengrinews.kz/> (date of access: 23.12.2022) [in Russian].

[17] Kaliev, G.A. (2021). Voprosy prodovol'stvennoj bezopasnosti Kazahstana [Issues of food security in Kazakhstan]. *Problemy agroyrnka - Problems of AgriMarket*, 4, 13-22. DOI: 10.46666/2021-4.2708-9991.01 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Адельбаева Айман Канатовна – негізгі автор; Ph.D докторанты; «Экономикалық мамандықтар» кафедрасының; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; 050010 Достық даңғ., 13, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: adelbaeva_83@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6162-8545>

Қасен Қанатбек Рақметбайұлы; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Экономикалық мамандықтар» кафедрасының профессоры; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; 050010 Достық даңғ., 13, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: kanatbek.kassenov@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0001-5426-5512>

Дүйсенбекұлы Абылай-хан; Ph.D докторанты; «Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасының; Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті; 161200 Б. Саттарханов даңғ., 29, Түркістан қ., Қазақстан; e-mail: abilai-han@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2579-4241>

Information about authors:

Adelbayeva Aiman Kanatovna – **The main author**; Ph.D student; Department of Economic Specialties; Abay Kazakh National Pedagogical University; 050010 Dostyk Ave., 13, Almaty, Kazakhstan; e-mail: adelbaeva_83@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6162-8545>

Kasen Kanatbek Rakhmetbayuly, Doctor of Economic Science, Professor; Professor of the Department of Economic Specialties; Abay Kazakh National Pedagogical University; 050010 Dostyk Ave., 13, Almaty, Kazakhstan; e-mail: kanatbek.kassenov@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0001-5426-5512>

Duisenbekuly Abylay-khan; Ph.D student; Department of Public Administration and International Relations; Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University; 161200 B. Sattakhanov Ave., 29, Turkestan, Kazakhstan; e-mail: abilai-han@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2579-4241>

Информация об авторах:

Адельбаева Айман Канатовна – **основной автор**; докторант Ph.D; кафедра «Экономические специальности»; Казахский национальный педагогический университет им. Абая; 050010 пр. Достык, 13, г. Алматы, Казахстан; e-mail: adelbaeva_83@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-6162-8545>

Қасен Қанатбек Рақметбайұлы; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Экономические специальности»; Казахский национальный педагогический университет им. Абая; 050010 пр. Достык, 13, г. Алматы, Казахстан; e-mail: kanatbek.kassenov@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0001-5426-5512>

Дуйсенбекұлы Абылай-хан; докторант Ph.D; кафедра «Государственное управление и международные отношения»; Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А.Ясауи; 161200 пр. Б.Саттарханова, 29, г.Туркестан, Казахстан; e-mail: abilai-han@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2579-4241>